

2019 жылдың 17 қазанында ҚарМТУ машинажасау факультетінің «Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасының доктор PhD Алшынбаева Ж.Е. ұйымдастырумен «*Рухани жаңғыру - жастар болашағының кепілі*» атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге НВП-19-2, ПО-17-1 топтарының студенттері мен ПОМ-18-1, ПОМ-19-1 топтарының магистранттары қатысты.

Мақсаты: Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы мазмұнына сәйкес студенттер мен магистранттардың бойына туған жерді, отанды сүйюге, құрметтеуге, білімге, ғылымға деген қызығушылығын арттырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу.

Дөңгелек үстелге машинажасау факультетінің тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары Г.Х. Адамова, ақсақалдар алқасының мүшесі Г.А. Сейдинова және кафедра меңгерушісі п.ғ.к., доцент В.В. Готтинг, п.ғ.д., доцент Б.С. Исмакова, х.ғ.к., доцент М.С. Нурмаганбетова, аға оқытушы Н.С. Байжуманова, аға оқытушы Т.А. Чаусова, аға оқытушы Р.Ж. Нуркеев, оқытушы М.А. Умирбекова, оқытушы Н.А. Тынаев қатысты.

